



Темірхан Сақаұлы ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР
Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың
лауреаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ҰЛЫ ДАЛА АҚЫНЫ ЖҮМЕКЕН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Поэзия – адамзаттың көркемдік ойлау дүниетанымының көрсеткіші. Жаратылысты құрайтын тіршілік әлемінің көріністерін де, құбылыстарын да философиялық-психологиялық таным, түсінік арқылы сараптай бағалау, бейнелеу, болжау тек ғана поэзиялық сезім иесі ақынның ғана жырларымен жүзеге асады. Қазақ өркениеті тарихындағы аталған ойшыл ақындар поэзиясы дәстүрінің жалғасын біз Жүмекен Нәжімеденов шығармаларынан байқаймыз. Фәни дүниеде 48 жыл ғана болған ақын артына мол әдеби мұрасын қалдырған. Негізгі шығармашылығы поэзия, бірақ прозада да көрнекті романдар жазған дарынды қаламгердің 1960–2010 жылдар арасында жарық көрген кітаптары – ұлттық құндылықтарымыздың қатарын құрайды. Ақынның поэзиясында азаматтық-отаншылдық сарынды лирикасы басым жырланған. Әлем әдебиетінің классикалық үлгілері қатарында бағаланатын көрнекті ақындардың барлығында да халқының ата-бабалары, өзінің әулеті, өсіп-өнген, кіндік қаны тамған туған жер топырағы, атамекен, байтақ Отан туралы жырлардың басты орын алатыны мәлім. Мысалы, Дж. Байронның, В. Гетенің, Г. Гейнениң, Ш. Петефидің, А. Мицкевичтің, Р. Тагордың, хакім Абайдың, Шәкәрімнің, Мағжанның, Сұлтанмахмұттың, Төлегеннің және т.б. ақындардың ұлттық және жалпы адамзаттық ұғымдар сабақтастығындағы осындай жырлары бар. Жүмекен ақынның осы классикалық дәстүрмен үндес «Отан», «Туған жер», «Менің үйім», «Сенің, туған жер, демінді бір алған», «Сарыарқа», «Саржайлау», «Ереймен тауларында», «Дала дидары», «Дала төсін еске алу да – сүйеніш қой, медет қой», «Сенде туған, ей дала, жас балалар», «Дала, дала, дала ғой жатқан асыл», «Толғансам, туған жер, сен сиынарым», «Ауылды сағыну», «Ауыл топырағы», т.б. жырлары айрықша дараланып көрінеді. «Менің топырағым», «Топырақ», т.б. өлеңдері – классикалық әдебиет дәстүрін өзіндік өрнекпен жырлаудың көркем үлгілері. Өлеңдердегі лирикалық қаһарманның романтикалық әуенмен төгілген жан сыры – перзенттік махаббат сезімінің көркем кестелі өрнегі.

Туған жердің табиғи сипатымен тұтас өрілген көңіл тебіреністері – поэзиядағы адам тағдырының көркем шындықпен өрнектелуі. Ата-бабалардан сақталған ұрпақтар жан діліне тән ерекшелік – дәстүрлі көркемдік ойлаумен туған жерінің сипатынан рухани нәр алып жігерленетіні, марқаятыны. Жүмекен де туған жерінің сайымен, алабымен іштей тілдесіп («Жатырмысың, самалды сай, сырлы алап, жусаныңнан сынап-шықтар сырғанап»), даламыздың қарапайым қалпының өз ұлылық екендігіне мүнәжат ете жырлайды. Қазақ даласының келбетіне тән реалистік суреттерден поэтикалық әсерлі романтикалық бояулы бейнелеулер жүйесіндегі ақын жасаған баламалы тіркестер атамекенді ардақтаған азаматтың елжіреген сезім әлемін танытады. Мысалы, «Дала дидары» өлеңінің әрбір тармағындағы баламалы бейнелеулері ұлттық көркемдік ойлау тереңдігін айқын аңғартады. Мысалы, «Алматы», «Жалындап барды да батты күн», «Сәуір туды, бұлттар аппақ, су

аппақ», «Шығыс жақтан келсе-дағы таң күліп», «Баурай бұлты жаңа көшті баяулап», «Көк балауса егілер», «Жартас», «Аспанда Күн барда, әлемде сыр барда», «Теңіз», «Теңіз болса сұлулық», «Жібек бұлақ желкілдейді», «Көк те жер де жұлдыз – бәрі ұшқын», «Тамшы», «Аппақ болып барлық маңай тұр жанып», «Алатаудың шарқатынан тарқатылған ақ бұлақ», «Бояулар туралы», «Күзгі көңіл», «Алма», «Күзгі жайлау», «Ел-жұрт», «Крылов тақырыбы», «Табиғат», «Жетім лақ», «Тепе-тең», «Ақ боз», «Қуаңшылық», «Сұрақ», «Жел», «Түн», «Қызылоба», «Қисық бұта», «Емен», «Сыбыр», «Қара ағаш», «Күй», «Күз-көңіл», «Таңғы сезім», «Шегініс», «Күннің батуы», «Нөсерден соң», «Жол», «Туған жер», «Тоғай ертегісі», «Таулар мен төбелер», «Ғұмыр ертегісі», «Шаңырақ», «Махаббат пен қара қас», «Кетік кірпіш», «Пәлсапа тасы», «Тентек», «Шөл», «Қошалақ тауы», «Темірқазық», «Жалғыз қайың», «Тор», «Күз», «Тау», «Қауыз», «Желтоқсан», «Тамыр», «Қос қоңыр қаз», «Қызыл кітап», «Қақ», «Мәжнүн тал», «Шыбықтар», «Тамшы», «Алты қаз», т.б [1, 6-273-бб.]. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың өзара үндестіктері де, бір-біріне қарама-қайшы көріністері де, қозғалыстары ақынның кейіптеу, астарлау, ауыстыру, пернелеу әдістерімен қолданған жеке сөздер, сөз тіркестері арқылы өлең сөздің философиялық-психологиялық сипатындығы көркемдік-эстетикалық әсерлілікті даралайды. Мысалы: «Жүз толқындар бірін-бірі тұншықтырып ағады, қыз толқындар бірін-бірі шымшып күліп барады», «Жүйрік жел баса алмай аптығын бұтаға сүйенді солықтап», «Ұрды шапақ қара бұлтты қан қылып», «Құм шағылдар үйілген артын қырман секілді», «Таңғы шапақ – от боп жанған еріндер», «Алба-жұлба өңірін қаусыра алмай ыққа айналып бұталар бүрсендейді», «Түбі кәрі теректің сирағындай бүркіттің», «Жылжи алмай қалыпты, эне, тау қатып, көкшиеді мұз-қабағын күрт түйіп», «Қыпындайды көк кірпігі шыршаның тауға еліктеп қалыпты, эне, бұлт та ұйып», «Құсеттенді терісі кәрі еменнің тізесінің дірілін және көрдім», «Мен де бейне күздің қоңыр бұлтымын, жел қысқанда не жауарын білмейтін», «Табиғаттың тұтастығын сақта, ілім, ал табиғат кімге керек адамсыз?!», т.б. Адам діліндегі және табиғат құбылыстарындағы өзара үндес, тектес құбылыстарды адресаттық нысанға ала тебіренген ақынның жыр жолдары психологиялық әсерлілікпен жырланған.

Ақынның азаматтық лирикасында ата-баба, аға, іні, әйел, ұл мен қыз перзенттер, т.б. қазақы дүниетаным ұстанымы көркем ой мағыналарымен жырланған. Мысалы, «Менің үйім», «Ана», «Ей, достарым, тірлікте көлеңке жоқ дедің бе?!, «Бүкіл әлем махаббаттан тұрады», «Әке туралы», «Қыздар!», «Үй-іші», «Әйел», «Әйел деген – бір драма күрделі», «Дос жыласа – мен қалайша күле алам», «От басы», «Әже», «Әйел», «Жігіт кетті жаралы», «Бұзылмасын ұя бір», «Ұлым, менің тұйық боп», «Әкелер мен ағалар», «Ақсұт», т.б. Аталған өлеңдерде ұрпақтар сабақтастығындағы халықтың асыл қасиеттері, алдыңғы толқынның жақсылығын да, кемшілігін де саралап, байыптап, жаңа бағытқа лайықты бағдар алатын қазіргі және болашақ ұрпақ көзқарасы жырланған. Өлеңдердегі лирикалық кейіпкер бүгінгі ұрпақ атынан қазақ өркениетіндегі бұрынғы болған өкінішті оқиғалар («Қазасы үшін кешегі Махамбеттің», «ажалы үшін кешегі Құлагердің»), орны толмас, алыптар («кешегі өткен Мұқаңдар үшін де бір») үшін бүгінгі ұрпаққа көңіл айту-жұбату сөзін арнайды. Ақынның бұл топтағы өлеңдерінің поэтикалық түйіні – әрбір жаңа ұрпақтың өзіне дейінгі асыл дәстүрді ардақтауын, орын алған кемшіліктен аулақ болуын айту. Ойшыл ақындар шығармашылығының өзекті арнасы – әуез, әуен желілері. Ақындардың әуез бен сөз өнері тұтастығы аясында толғанатыны – табиғи құбылыс, шабыт қайнары. Жүмекен поэзиясында домбыраның күдіреті, адамның рухани демеушісі болған әуез қызметі үнемі жыр арқауына алынған. «Ғұмыр деген бір ұзақ күй болады», «Күй десе ірке алмайсың бұ қазақты», «Күй атқарар жұмыс бүгін көбейді», «Кей пернеге қадалады саусақтар», «Нүкте», «Күй», т.б. өлеңдерде адам мен тіршілік қозғалыстары сабақтастығы жүйесінің домбырадан төгілген алуан әуенмен жинақталған әуез күдіретіне философиялық түйіндеулер берілген. Жүмекен – хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» көзқарасын ұстанған гуманист ақын. Ақын әлеуметтік-философиялық сарынды шығармаларында Жер планетасындағы барлық мемлекеттерге, халықтарға ортақ баянды бейбітшілік, татулық, достық, ауызбіршілік, береке ұлағатын жырлайды.

Ақынның «Москва сапары» циклы («Қарулар палатасында», «Адам толқын», «Қыздар моласы», «Москвадағы Пушкин ескерткіші түбінде», т.б.) өлеңдерінде уақыт пен кеңістіктегі, бүкіл ғаламдағы адамдар мен қоршаған тіршілік қозғалыстарының барлығы да гуманизм ұлағатымен қуаттанған адамгершілік-имандылық ойлары сипатымен жырланған. Ақын жырларының бір қатары («Отырғам жоқ ұнатқаннан жыр етіп», «Нейтрон бейнесі», «Қару-жарақ хақында», «Маңдайын оқ тескен каска туралы», т.б.) адамзатты қырғынға ұшыратқан соғысқа қарсылық, қанішерлерді айыптау сарынымен жырланған. Жүмекен шығармашылығындағы эпикалық жанрлар да поэтикалық ерекшеліктерімен даралана көрінеді. Ақынның поэмалары классикалық үрдіске сәйкес жырланған. Ақынның «Көзсіз батыр», «Қанды сүт», «Келін» атты поэмаларының поэтикалық мазмұн мен пішіні жүйесінде соғыс алапатының адамдардың жеке бастарына, отбасыларына, бүкіл адамзатқа жасаған қырсығы, зұлмат кесапаты жырланған. Қанды майдандардағы шайқастарда аяғынан, қолынан, көзінен айрылған мәңгілік мүгедектер тағдыры қаһармандық рух пен элегиялық мұң-шер тұтасуымен өрілген. «Көзсіз батыр» поэмасының басты кейіпкері Жанайдардың көркем бейнесі жаумен жағаласқан шайқаста көзі мен бір аяғынан («Бір соғыстың құны ғой екі көз бен бір аяқ») айрылған, бірақ өмірге құштарлық қуатымен темір күрекпен ағаш егіп, шалғымен көк қияқты жайпап, тіршілікке құштарлығын жоймаған, баласын өсіріп әскерге аттандырып, адамның аса қуатты жан иесі екендігін дәлелдеген қалпымен сомдалған. «Қанды сүт» поэмасының да тақырыптық арқауы – қанқұйлы соғыстың зұлым келбетін бейнелеу, идеясы – адамзат ұрпақтарына ортақ Ана жүрегінің ұлылығын таныту. Поэманың басты кейіпкері, жас Ана – қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан украин қызы Катя. Эпикалық туындыда партизандармен орманда жүрген сол қазақ жігіттің жары Катяның үйдегі екі ұлымен бірге басқыншы жаудың тергеуінен де, азаптауынан да қорықпай, мойымай, кеудесіне көк сүңгі кірсе де шынын айтпай қайсар рухпен өлгенін жырлау арқылы қаһарман – Ана ерлігі бейнеленген.

«Келін» поэмасы да соғыс тақырыбына арналған, идеясы – әулет отын өшірмейтін қазақ келінінің асыл тұлғасын таныту. Поэма кейіпкерлері Сұлтан атай мен Ұлпа шешей жалғыз ұлы Айдарды үйлендіреді, бірақ кенет басталған соғысқа кеткен жігіт қаза болып, аяғы ауыр келін жесір қалады. Майданнан «Қара қағаз» келіп, шал мен кемпір, жас сәби жетім, келін жесір болды. Ақын қайғы-қасіретке көмілген халықтың көңілін («Көкірегін күйінумен күйдірді ел, ақ жүректі қара қайғы бомбалап») де, жетімдік пен жесірлік орнаған Сұлтан атайдың отбасының жағдайын реалистікпен суреттейді. Поэманың сюжеттік-композициялық желісінде жалғзынан айрылған ата-ананың, жарынан айрылған келіншектің күйініш, өкініш, сағыныш, аңсау, торығу, төзу, т.б. – саналуан психологиялық хал-ахуалы романтикалық-элегиялық әуенге бөлене жырланған. Поэманың бас кейіпкері келінге ата мен енесі рұқсат берсе де, ешқайда кетпеген, ата-енесі қайтыс болса да осы ошақтың отын сөндірмеген, жалғыз ұлды оқытқан Отанасы – Қазақ Келінінің ғажайып бейнесі мен дидагласамыз.

«Қыран қия» поэмасына да соғыс тақырыбы негізгі желі етіп алынып, басты кейіпкерлері етіп адамзат тарихының дара тұлғаларын (Гете, Пушкин, Цицерон, Бауыржан Момышұлы, Александр Матросов, Мәншүк, Әлия, т.б.) тектілік үндестіктері тұрғысынан сабақтастыра жырлайды. Балаларына тек ғана тектілердің, дара тұлғалардың есімдерін қойғысы келетін, ұрпақтардың кесек мінезді, ер көңілді, мәрт мінезді батыр да, дана шешен де, ақын да, әнші де, т.б. саналуан жақсы қасиеттер иелері болуын аңсаған халық көңілінің көркемдік-эстетикалық ойлау дүниетаным кеңістігін сүйсіне, тебірене толғайды [2, 254-255-66.].

«Жаңғырық» поэмасының идеялық-композициялық желісіндегі негізгі кейіпкерлер – Исатай мен Махамбет. Эпикалық шығарманың құрылысындағы бұлардың есімдері аталмайды, бірақ солардай дара, дана тұлғалардың адамзат тарихында ылғи қараулықтың, қызғаншақтықтың, өзімшілдіктің, опасыздықтың құрбандары болып келе жатқан трагедиялы тағдыр жолдары романтикалық элегия сарынымен өрнектелген. Ауылын, аймағын, халқын отаршылдықтан, озбырлардан азат еткісі келген қазақтың көсем батыр,

би-шешені мен дана ақын-қайраткері – тарихтағы тектес арыстар тағдырларымен сабақтас назарға алынған. Поэманың басты кейіпкері Батыр – Ақынның өзін өтірік елпілдеп қарсы алып үйіне кіргізген адамға алданғаны («Секемсіздік – ерлердің сол баяғы соры да, түсті қыран топастың торғай аулар торына») да тарихи шындықпен бейнеленген. Қару-жарақсыз алаңсыз отырған Батыр-Ақынға қапыда бас салған тоғыз адамның әрекетіне де ақын жақсылыққа жаны қас жауыздық келбетін айқындайтын тіршілік философиясы тұрғысынан баға береді. Поэманың түйіні – тарихтағы дара туған даналарды тоғышарлардан, опасыздардан, жарамсақтардан, жалдаптардан қорғауды қазіргі және болашақтағы ұрпақтарға ұқтыру, міндеттеу.

Ақынның «Тамыр мен жапырақ» («Табиғат дастаны») поэмасы – ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі табиғат ұғымы аясына кіретін заттар мен құбылыстар сабақтастығын, үндестігін, өзгешеліктерін, қайшылықтарын, т.б. – бәрін де поэтикалық мағыналар жүйесімен жырлаған эпикалық-философиялық туынды. Ақын поэзиясындағы туындыларына тән ортақ поэтикалық сипат – лирикалық және эпикалық жанрлар тұтастығының мол сақталатындығы. Жүмекен поэзиясындағы жанрлық жүйе Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» қазақ өлеңінің поэтикалық табиғатына сәйкес түрлерге (сап толғау, марқайыс толғау, намыс толғау, намыстаныс толғау, сұқтаньс толғау, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс толғау) сәйкес жырланғанын аңғарамыз. Бұл – адамның жан ділі мен қоршаған табиғатты, жаратылыс әлемін тұтастандыра, сабақтастыра жырлауға негіз болатын – философиялық-психологиялық сарын болмысының сипаты. Ақынның осы философиялық поэмасында планетадағы бүкіл дүниені, адамзат ұрпақтарын сабақтасқан егіз ұғымдармен баламалап бейнелеуі («Тек көп тамыр таратады-ау адам қан, ал қан да – сол тамырдан таралған, күллі дүние – жалғыз-ақ түп алма-ағаш») де көркем шындықпен бейнелеу кестелерімен жырланған. Ақын шығармаларының барлығы да философиялық ойшылдық тереңдіктерімен баурайды. Қазіргі заманғы әдебиеттану қисыны бойынша: «Өлең рухынан әлемге, өмірге, адам тағдырына деген лирикалық көзқарастың көрініс табуы, жан толқынысынан хабар беретін лирикалық үн естіліп, болмыс мәнін, шындық елесін іздеген, мәңгілік сауалдарды өзінше қабылдап, өзінше жауап қайтаруға тырысқан лирикалық «Меннің» айқын сезілуі – философиялық лирикаға хас айрықша нышандар ретінде танылады» [3, 351-б.]. Философиялық поэзияның лирикалық және эпикалық үлгілерінде де автордың жеке адам мен бүкіл адамзат ұрпақтарының тағдырын ғарыштық кеңістіктегі өзара үндес немесе мүлде қайшылықты құбылыстар, қасиеттер жүйесімен сабақтастыра жырлайтыны мәлім. Ежелгі замандардан бері ғасырлар бойы осындай кешенді ойшылдық сарынмен жырланып келе жатқан әлем әдебиетіндегі классикалық мұралардағы философиялық-поэтикалық кешенді бейнелеулермен жырлау үрдісін дарынды ақын Жүмекен Нәжімеденовтің игергенін анық көреміз. Сондықтан да, ақынның поэзиясындағы туындылардың барлығы да әдеби тектің эпикалық, лирикалық, драмалық жанрлары сипаттарының тоғыса тұтасқан поэтикалық табиғатын байқатады. Яғни, Жүмекен поэзиясы – даналық толғаныстары тұтасқан поэтикалық көркем кестелер көрінісі. Ақынның шығармаларындағы теңеу, айқындау, құбылту мен айшықтау аясындағы кейіптеу, мегзеу, психологиялық егіздеу, т.б. үлгілерден бейнелілік өрнектері де ойшыл, суреткер ақын даналығын дәлелдейді. Мысалы: «Жомарт халық ұлы едім мен – жарқын жан», «Жетті, міне, жігіт-самал албыртып, бойжеткен-гүл бала қалды ұялшақ», «Тыныстармын аспан бұлтын жамылып, Ай астында ақ бұлақ боп сылдырап», «Айлы түнгі Алатаудай томсарып», «Қып-қызыл құм-иегіндей бір жылауық кемпірдің», «Бурыл бұлтты жыртып өтті найзағайдың жарқылы», «Ұсап кетті қалың найза көкбуырыл бір тасқынға», «Жұдырықтай түйілді ауыл, түйілді кек шемен болып, көтерілді құйын-дауыл, көтерілді ел өлең болып», «Барлық дала – бір домбыра, мезгіл қолы шебер шертті», «Үміт, күдік – екі төбет екеуі, ... екі төбет ортасында бір кесек ет – жүрегім», «Жарқ-жұрқ етіп жарықтың айбалтасы қараңғының қабырғасын сөгеді», «Жан бір – бөлме, көңіл – есік қағып кір», «Сенім-шамын қоям ылғи бұқтырып», «Амал қанша, ұясынан кей қаздың жаман шірік сауысқан мен қарға ұшты», «Уақыт – қашықтық деп қалам ұғып, сол қашықтық – жаңа ой,

жаңа білім», «Күдік деген Сауысқан, ал сауысқан қай жерінде жара бар – соған қонар», «Әкім болсаң – әділ жол бар, ал баста, әкім болсаң – желкенде тұр алдаспан», «Қармағымды ой қапты – қалтқымды батырып», «Мен – іңірдің желімін қоңыр бұлттың шұбыртқан», «Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім, ақымақты ойландырсам деп едім», «Тоқсан, жетпіс, сексен, жүз де – кәрі, рас, бірақ, бірақ ... өлу үшін – бәрі жас!», «Мәңгі тозбас сезімге – тозбайтұғын зат шыдар. – Ең тұрақты махаббат, бәлкім, табиғат шығар», «Сүю үшін еменді – туу керек емен боп», «Саусағымен ауаның, қара бұлтты ақ шыңға байлап қойып сауамын!», «Жалқы жігіт байлау болса – ол да ерсі, жалғыз жілік майлау болса – ол да ерсі», «Момышұлы қанын төгіп ел үшін тас-тағдырдан тартып алды жеңісін», «Сен – шың болсаң, халық дана – кең дала», «Өзен болсаң, халық – қияр теңізді, қанша бұрқап аққаныңмен долдана», «Тегім менің – топырағым деп біліп, күш көрсетсе жігіт – міне, тектілік», «Қайратсызға – қалтырау да бір мектеп», «Кей жігіттің бидай сын-ды болмысы, суға тойса – бөртіп шыға келетін», «Қасқыр болып шабу үшін емес тек, қасқыр болу – қорғанулар үшін де керек екен, керек екен қасқырлар», «Ағаш сынды халық та жапырағын тастап, түлеп отырар: күретапыр – халық бірақ қалды аман», т.б.

Жүмекен – халық даналығының көркем шындықпен жинақталған қазынасын өзіндік дара өрнекпен жырлаған ойшыл ақын. Уақыт пен кеңістіктегі адамзат ұрпақтарына тән қарама-қайшылықтардың тоқталмайтын күресі мен ажырамайтын бірлігін философиялық поэзияға тән мазмұны мен пішін жүйесі поэтикасының күрделі, кешенді, көп үнді, егізделген, тоғыса тұтасқан өрнектерімен жырлаған ақын мұрасы – даналық поэзиясы сипатымен миллиондаған оқырмандарының көңілдерінен мәңгілік орын алды. Әлем өркениетіндегі классикалық поэзия үрдісімен сарындас шығармалар жазған ақынның әдеби мұрасы – біздің тәуелсіз Қазақстанның қазіргі және болашақ ұрпақтарының рухани құндылықтары қатарынан орын алатын, мәңгі жасайтын қазына. Отбасын, балаларын, қазақ ұлтын, бүкіл планета халықтарын, ғаламдық-ғарыштық кеңістікті құрайтын өткен мен бүгінгі және болашақты табиғат құбылыстарымен, қозғалыстарымен біртұтас бірлік жағдайында жырлаған («Ой түбінен ойнап туған жырменен тыныш таппай – тірі болып жүр денем») ақынның поэзиясы – әлемдік классикалық мұралар қатарында бағалануға лайықты. Ақын «Бес бұтақ» атты өлеңінен өзінің отбасындағы бес перзентіне арналған әкелік махаббаты мен жер бетіндегі бүкіл адамзатты сүйген азаматтық-гуманистік сезім тұтасуын оқимыз. Өз ұлты мен әлемдегі барлық халықтардың, бүкіл тіршіліктің үйлесімін, өсіп-өркендеуін көркем шындық бейнелеулерімен жырлаған ойшыл ақын Жүмекен поэзиясы сөз өнерінің ұрпақтар жаназығы екендігін дәлелдейді. XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап осы кезеңге дейінгі жарты ғасыр бойы шығармалары байтақ елімізді ұлттық-отаншылдық асқақ рух қуатымен баурап келе жатқан ақын Жүмекеннің өлеңдері мен поэмалары миллиондаған оқырмандарының, ақынды сүйген халық махаббатына бөленіп мәңгілік рухани қазына болып бағаланады. Халық махаббатына ие болған ақын мұрасының – Қазақстан Республикасының әлем өркениетіндегі асқақ мәртебесін биіктете түсетіні ақиқат.

Әдебиеттер:

1. Нәжімеденов Ж. Менің Қазақстаным: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
2. Нәжімеденов Ж. Ұрпағым, саған айтамын: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 312 б.
3. Әдебиеттану. Терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.